

Ы. Алтынсарин атындағы

Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты



Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының баспасөз органы

Шамшырақ

Печатный орган Аркалыкского государственного педагогического института им. И. Алтынсарина

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: «Үлкен қалалардағы ұлттық университеттерден көптеген позициялар бойынша алдамыз»

Қаламыздағы қара шаңырақ оқу ордасы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының еліміз бойынша маңдайалды ЖОО –ның бірі екені ешкімге жаңалық емес. Мұны институтымыз заманауи үлгідегі оқу базасымен, ұстаздарының біліктілігімен, шәкірттерінің білімділігімен, ғылымдағы, өнер мен спорттағы жетістіктерімен дәлелдеп келеді. Осы орайда институт ректоры, география ғылымдарының докторы Сейтбек Бекенұлына оқу орынының бүгінгі тыны-



лар бойынша біз алдамыз. Мен мұны ашық айтамын. Біріншіден: студент институтының талбалдырығын аттағаннан бастап беріп жатқан тәрбиеміз. Егер де түлегіміздің тәрбиесі болмаса, ол оқушыларға сабақ беріп қарық қылмайды. Тәрбие беру мәселесі өте жоғары деңгейде қойылған. Жыл бойына қойылып отырған бағдарламалар, сол бағдарламалардың арқасында студенттермен жасалып отырған жұмыстар оларға – ұлттық – патриоттық тәрбие береді. Оның сана – сезімін оятуға жағдай жасаймыз. Әр студентіміздің іргетасы ата – анасынан, сосын мектептен алған білімі мен тәрбиесі бойынша қалыптасса, бізде әрі қарай жалғастырып әкетеді. Екіншіден: үлкен қалаларда жастардың дені орысша сөйлейді. Бізде бұл сұрақ алынып тасталған. Барлық іс – қағаздарымыз, жиналыстарымыз

заманауи үлгідегі 2 оқу ғимараты және 2 студенттер үйі бар. Ақпараттық-кітапханалық кешен, педагогикалық-психологиялық орталық, мұражайлар және спорттық кешендері студенттер үшін жұмыс жасайды. Мұғалім тапшылығынан мәселе жоқ. Ғаламтор жоғары жылдамдыққа қосылған. Бағасы қымбат болса да, студенттерімізге ыңғайлы болсын деп, өте жоғары жылдамдыққа арналған талшықтық оптикалық кабель тартқыздық. Мұндай интернет бізде ғана бар. Ал, робототехника бойынша айтар болсам, былтыр роботтар алынды. Студенттер жұмыс жасап жатыр. Министрлік тарапынан робототехника алып береміз деп отыр. Биылғы қыркүйекте екі робототехника кабинетін іске қосуды жоспарлап отырмыз. Ол үшін екі маманымыз арнайы оқып жатыр. Зертханалары-

сы, болашақ жоспары жайлы сұрақтарымызды қойған едік.

- Биылғы аяқталған оқу жылында қанша түлекті үлкен өмірге аттандырмақсыздар? Сондай ақ, институт ұстаздары мен студенттері жеткен жетістіктерге тоқтала кетсеңіз.

- Биылғы оқу жылын 19 мамандық бойынша күндізгі және сырттай бөлімде 675 түлек аяқтады. Үздік диплом алған түлектеріміздің саны артты. Студенттердің шетелге шығуы, КВН - ге, универсиадаға, олимпиадаға қатысуы барлығы қамтылды. 2018 - 2019 оқу жылында 1 ұжымдық монография, 555 ғылыми мақала басылымнан шықты. Кафедралардағы профессор-оқытушылар құрамы SCOPUS, Thomson Reuters халықаралық базаларында: 6 мақала жарық көрді. Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары студенттерінің техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, жаратылыстану ғылымдары бойынша жыл сайынғы республикалық студенттік ғылыми-зерттеу байқауында - 19 ғылыми жоба қорғалды. Тұңғыш Президент Қоры атындағы «Болашақтың ғалымдары» атты жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттары бойынша студенттердің үздік ғылыми жұмыстарына - 19 студент қатысты. «StartUP», «ArkGPI-2018» Студенттік бизнес-жобалар байқауына - 13 студент жұмыстарын көрсетті.

XI Республикалық пәндік олимпиадаларында жүлделі орын алған студенттердің саны 14.

Ректор сыйлығын талап ету сайысына жалпы - 28 ғылы-

ми-зерттеу жұмыстары келіп түскен. Сол бойынша 6 жүлделі орын анықталды. Осындай жетістікке жеткендерін ғылыми кеңесте айтып, ұжымға табыныстырып, марапаттадық.

- Қазіргі уақытта оқу оқып, маман атанғанымен, жұмыс таппай жүрген жастар көп. Сіздерде түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі қалай шешілген?

- Өткен жылы институтымызды бітірген түлектердің 90 пайызы жұмыспен қамтылды. Қазіргі жастар ауылды жерде жұмыс істегісі келмейді. Бұл жолда еңбек жәрмеңкелерінің көмегі тиіп отыр. Биылғы бітірушілерімізге арналып осындай 3 жәрмеңке өтті. Үлкені сәуір айында ұйымдастырылды. Оған Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарынан өкілдер келіп, жас мамандар болашақта жұмыс жасайтын тұрғылықты жерлерінің артықшылықтарын айтып, оларға қандай жағдайлар жасалатынын, қанша сағат берілетінін жеткізіп, жұмысқа тартты. Нәтижесінде студенттеріміз олармен келісім шарт жасасып жатты. Түлектеріміздің 90 пайызы жұмысқа барамыз деп отыр.

- Халқы тығыз орналасқан оңтүстігіміздің жастарын елдің солтүстігі мен шығысында тегін оқытып, сол жерлердің әлеуметтік - экономикалық дамуына, бастысы қазақылануына жағдай жасауды мақсат тұтқан «Серпін» сынды аса маңызды бағдарламаға сіздер де атсалысып келесіздер. Жаңа оқу жылында осы бағдарламамен білім алатын жастардың қатары толығы ма? Оларды жатақханамен қамту мәселесі қалай шешіледі?

- «Серпін» бағдарламасы жалғасын тауып жатыр. Биыл да

студенттер келеді, саны нақты белгілі емес, қарастырылу үстінде. Жатақханаға келер болсақ, біз тек оларды ғана емес, оқу орнымызға 1 курсқа түскен барлық студенттерді 100 пайыз жатақханамен қамтимыз. Аталған бағдарламамен биылғы жылы 150 бала институтты бітірді. Олар толығымен жұмысқа орналасты деп айтуға болады.

- Облысымызда алғашқылардың бірі болып институтта «Рухани жаңғыру» кеңсесі ашылғанын білеміз. Осы орталықтың жұмысына тоқтасаңыз.

- Аманкелді, Жангелдин аудандары мен қаламызда «Рухани жаңғыру» кеңсесі жоқ болғасын институт базасында ашып отырмыз. Бұл жерде институттың ғана емес, әкімшіліктің, басқа да мекемелердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өтуіне жағдай жасап отырмыз. Мұндай шаралар жоғары деңгейде өтіп жатыр. Одан тыс Аманкелді, Жангелдин аудандарына да «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс-шараларын өткізуді ұсынып отырмыз. Ол аудандар әзірге келген жоқ. Жаңа оқу жылынан бастап келеміз деп отыр. «Рухани жаңғыру» кеңсемізде бағдарлама бойынша барлық ақпараттарды, жетістіктерімізді жинап отырмыз.

- Өзін болашақта АрқМПИ студенті ретінде көргісі келетін жастарға оқу орнының қандай артықшылықтарын айтар едіңіз?

- Мен біздің институтты басқа ЖОО мен салыстыру қажет деп есептеймін. Бір тәуелсіз экспортты жіберіп барлық ЖОО-ын қарап шықса, өзі айтатын еді. Үлкен қалаларда орналасқан ұлттық университеттермен біздің беріп жатқан тәрбиені салыстырсақ, көптеген позиция-

ұлттық тілде жүргізіледі. Демек, баланың ертеңгі сөйлеу, ойлау қабілеттерінің бәрі өзіміздің ұлттық тілде болады деген сөз. Үшіншіден: денсаулыққа үлкен назар аударылған. Студенттерімізді толықтай спортқа тартуға жағдайымыз жетеді. Өзім де барып, мұғалімдермен бірге денемізді шынықтыратын әдетіміз бар. Оқу процесі негізінен қазақ тілінде жүргізіледі. Материалдық-техникалық базасы толығымен жабдықталған,

мызды жаңартудамыз. Өткен жылдан бері тарих мамандығы бойынша білім алушылары археологиялық тәжірибесімен өтіп жатыр. Биыл да бұл шара жалғасып, 20 студентіміз раторғайда (Жаңақала ауы) қазба жұмыстарын жүргізуде.

- Сұхбатыңыз үшін рақмет. Институтымыздан туысқан шәкірттер ел игілігіне қызмет ете берсін!

Дархан АМАНТАЙ



Қабылдау комиссиясы

20 маусым мен 07 шілде аралығында шығармашылық мамандықтардың емтихандарына өтініш қабылданады.

08 - 13 шілде аралығында шығармашылық емтихандар өтеді.

13 - 20 шілде - білім гранттарының конкурсына өтініш қабылдау.

25 шілде - 03 тамыз - ҰБТ -ға қайта өтініш қабылдау. (осыған дейінгі 3 рет өткізілген ҰБТ -ға қатыспаған немесе межелік балл жиналмағандар үшін).

17 - 20 тамыз - ҰБТ өту уақыты.

Ақылы негізде күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдері оқуға түсушілер үшін өтініш пен құжаттар қабылдау 01 шілде - 15 тамыз аралығында өтеді.